КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 3 ақпан Іс №7119-26-00-2/137 Астана қ.

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Қ.Б. Есибаев оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көпсалалы медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Korkem Agency» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көпсалалы медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер «Korkem Agency» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«Korkem Agency» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Korkem Agency» жеке кәсіпкерінен «Астана қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Көпсалалы медицина орталығы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 4 887 (төрт мың сегіз жүз сексен жеті) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

«Korkem Agency» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 2 113 (екі мың жүз он үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер шешім шығарған сотқа осы шешімнің күшін жою туралы шешімнің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде арыз беруге құқылы. Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарған күннен бастап бір ай ішінде іске қатысатын адамдар апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Есибаев К.Б.**

Документ подписан: Есибаев К. Б., 03.02.2026

Дата вступления в законную силу: 13.03.2026, судья Есибаев К. Б., 30.04.2026

7119-25-3-1/16395